

«Оскемен қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
қызметіндегі жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізу нәтижесі туралы
аналитикалық анықтама

Оскемен қаласы

22 желтоқсан 2017 ж

«Оскемен қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі
ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-В «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-
қимыл туралы» Заңының 8 бабы, 5 тармағына сәйкес «Мемлекеттік органдар,
мемлекеттік сыйайлыш секторының ұйымдары және субъектілері жемқорлық
құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді жою
бойынша шара қабылдау нәтижесі бойынша жемқорлық тәуелкелдерге ішкі
талдау жүзеге асырады», 2017 жылдың 20-23 желтоқсан аралығында
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және жемқорлық тәуелкелдерге
ішкі талдау жүргізілді.

Бөлімнің 2017 жылдың 2 жарты жылдығы кезеңіндегі жұмысы ішкі
талдаумен қамтылды. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін
«Оскемен қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі 8 міндет
және **34** қызмет жүзеге асырады.

«Оскемен қаласының білім беру бөлімі» ММ басшысының м.а.
Қыстаубекова Гүлнар Тұрғанқызы аталған лауазымға 08.08.2017 жылғы
№ 436 бүйрығымен тағайындалды.

**Жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау келесі бағыттар бойынша
жүргізілді:**

- 1) обьектінің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі
жемқорлық тәуекелдерді анықтау;
- 2) обьектінің ұйымдық-басқару қызметіндегі жемқорлық тәуекелдерді
анықтау.

**I. «Оскемен қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі жемқорлық
тәуекелдерді анықтау - бағыты бойынша.**

**1.1 Бірдей қарым-қатынастарды реттейтін нормативтік-
құқықтық актілерде заңға қарсы қайшылықтардың болуы.**

Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттарды беру қағидаларының
(ҚР білім және ғылым министрінің 28.01.2015 жылғы № 39 бүйрығы)
2 тармақ 2) тармақшасына сәйкес, телқұжат **күнтізбелік 30** күннен
кешіктірілмей беріледі, «Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы
құжаттардың телқұжатын беру» стандартының 4 тармағында
1) тармақшасында басқа мерзім көрсетілген, **15 жұмыс күні**.

Осылайша, бірдей қарым-қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерде қайшылықтардың болуы мемлекеттік қызмет көрсетеу мерзімінің ұзаққа созылуына әкеп соғады.

Бұдан әрі, мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық орналастыру қағидасының (*ҚР Білім және ғылым министрінің 21.02.2012 жылғы № 57 бүйрығы*) 19 тармағына сәйкес, аудандардың және қалалардың білім беру бөлімдері өткізетін білім беру ұйымдары басшыларының лауазымына орналастыру конкурсына қатысатын үміткерлерді келісу процедурасын Білім басқармасы жүргізеді, ал «Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын орналастыру конкурсында басшыларды орналастыру конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау» стандартының 9 тармағындағы қажетті құжаттар тізімінде аталған құжат (процедура) көрсетілмеген.

Осылайша, бірдей қарым-қатынасты реттейтін нормативтік құқықтық актілердегі осы қайшылық артық құжаттарды талап етуге әкеледі.

Ұсыныс: Білім басшылығы жоғары тұрған басшылық алдында Стандарт және Қафіда нормаларының қайшылықтарын жою туралы ұсыныс жасасын.

1.2 Дискрециялық өкілеттіктер аясы

Жемқорлық тәуекелдерді ішкі талдау барысында Білімде нормативтік құқықтық актілерге (бұдан әрі НҚА) және олардың қызмет көрсете саласын реттейтін сипаттық және маңызды жемқорлық тәуекелдер анықталды.

Дискрециялық өкілеттіктер аясы – қосалқы өкілеттілігі бар жемқорлық тәуекелдер: мерзімдердің болмауы немесе белгісіздік;

Дискрециялық өкілеттіктер аясы НҚА-де **«барысында»** немесе **«кешиктірмей»** секілді тұжырымдалардың болуының салдарынан шешім қабылдау мерзімдеріне негізделеді.

Білімнің қызметіндегі осындай тұжырымдалардың болуын реттейтін ҚР Зандарын талдау мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдедегі № 319-ІІ «Білім туралы» Заңы:

8-бап. Білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер - 9) денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы үйден немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оналту қызметін көрсететін ұйымдарда бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламасы бойынша оқитын балалар;

9-1 бап. Білім беру ұйымдарын аккредиттеу 5 тармақ - Білім беру ұйымдары уәкілетті органның тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында ұлттық және халықаралық институциялық, мамандандырылған аккредиттеуден өтуге құқылы;

бт. Біліктілікті арттыру институттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалпы негіздерде аккредиттеуден өтуге құқылы.

(ұқсас дискрециялық өкілеттіктер 11, 14, 39, 40, 47, 48, 51, 58 63

баптарында)

Ұсыныс: **Бөлім басшылығы** жоғары тұрған басшылық алдында ҚР Заңнамасындағы дискрециялық нормаларды жою туралы мәселені қарау жөнінде ұсыныс жасасын.

1.3 Кадр мәселелерін шешу кезінде дискрециялық өкілеттіктердің болғаны анықталды, бұл да жемқорлық тәуекел болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 512 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының Үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бүйріғына өзгертулер енгізу туралы» бүйріғына сәйкес қалалық әдістемелік кабинеттің әдіскер лауазымына педагогикалық жоғары білімі бар, жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес және бірініші біліктілік санатынан төмен емес санаты бар педагогикалық қызметкерлер қабылданады. Алайда еңбекақы есептеу кезінде біліктілік санаты үшін төлем жүргізілмейді.

Осылайша, әдіскер міндеттін атқарушы қызметкерлерге белгілі жауапкершілік жүктеледі және олар әртүрлі жауапты жұмыстарды атқарады. Алайда аталған қызметкерге атқарылған жұмысы үшін белгілі бір ақшалай төлемдер төлеу Бұйрықпен қарастырылмаған. Осы факт жемқорлық құқық бұзушылық туындағы факторларының бірі болуы мүмкін, сондай-ақ жұмысты сапасыз әрі салғырт орындауға және өз кезегінде мемлекеттік қызметшінің беделіне, жалпы алғанда ҚР мемлекеттік саясатына нұқсан келтіреді.

Ұсыныс: 1) **Бөлім басшысы** жоғары тұрған басшылық алдында осы санатта жұмыс істеушілерге еңбекақы төлеу бойынша нормативтік-құқықтық құжатқа өзгертулер енгізу туралы мәселені қарауды ұсынады.

1.4 Зандық-лингвистикалық жемқорлылық

Бөлімнің қызмет саласына қатысты нормативтік-құқықтық актілерді жемқорлыққа қарсы талдау барысында мынадай факторлар ескерілді:

- құқық шығаруши орган екі түрлі мағынадағы немесе қалыптаспаған терминдерді, ұғымдар мен тұжырымдарды түсініксіз, анық емес мазмұнда бағалау сипатының санатын қолдануы, сондай-ақ бірдей құбылысты әртүрлі терминдерде білдіруі;

- зандық жауапкершілік мәселелерін реттейтін нақты емес нормалар жағдайды нақты көрсетпей, құқық қолдану субъектісі белгілі бір шешімді пайдалануға құқылы. Ондағы сөз тіркестері мынадай болады: «қажет болған жағдайда», «тиісінше емес», «жеткілікті негіз болған жағдайда», «ерекше жағдайларда»;

- заңдық-лингвистикалық белгісіздіктің әлеуетті мүмкіндігі болуын көрсететін жемқорлық факторларының маркерлері. Мұндай белгісіздік бірліктер: «нemесе», «артық емес», «кем емес», «мумкін».

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» (11.07.2017 ж өзгертулер және толықтырулары бар) Заңын талдау барысында заңдық-лингвистикалық белгісіздіктер анықталды:

31-бап 3-тармақ

Он алты жасқа дейінгі балаларды мемлекеттік орта білім беретін үйымдардан шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру үйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру үйымы мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда рұқсат етіледі.

47- бап 18-тармақ

Білім алушылар және тәрбиеленушілер міндеттерін бұзғандары үшін оларға білім беру үйымының ішкі тәртіп ережелерімен және жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары немесе білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар **қолданылуы мүмкін**.

Ұсыныс: Білім басшылығы жоғары тұрган органға «Білім туралы» Заңын 31,47 баптарын нақтылау қажеттігі туралы ұсыныс жасасын:

II. Екінші бағыт бойынша - бөлімнің үйымдық-басқару қызметіндегі жемқорлық тәуекелдерді анықтау:

1) Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың алмасуы

Бөлімнің штаттық саны - 67 бірлікті құрайды, (мемлекеттік қызметшілер - 15, азаматтық қызметшілер - 67). Талдау кезінде жұмыс істеушілер 71 бірлік, (олардың ішінде мемлекеттік қызметшілер - 12, азаматтық - 59), бос орын - 3, (мемлекеттік қызметшілер - 3, азаматтық - 8). 2017 жылы: 2 жартыжылдықта жұмысқа қабылданғандар - 11; жұмыстан босатылғандар - 9 (*себептері*) – өз еркі бойынша.

2017 жылы қабылданған мемлекеттік және азаматтық қызметшілердің басшылық құрамымен бірігуі анықталмады. Бөлім қызметін зерттеген кезде мұдделер қақтығысының болуына, кадрлардың алмасу себептеріне, қызметкерлердің жұмыстан босатуына (лауазымын төмендетеу), сондай-ақ кадр саясатының өзге де мәселелеріне талдау жүргізілді.

2.2 Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:

2017 жылдың екінші жартыжылдығында Білім беру бөліміне жеке және заңды тұлғалардан 340 өтініші келіп түсті. Оның ішінде жеке тұлғалардың өтініші 335, соның ішінде 11 шағым, сондай-ақ 5 сұрау салу заңды тұлғалардан келіп түскен. Білім беру бөліміне келіп түскен өтініштердің басым бөлігі қамқоршылық және корғаншылық мәселесіне қатысты, сондай-ақ мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру, балалардың демалысы мен

бос уақыты, оқушылардың тамақтануы, педагогикалық қызметкерлерді жұмысқа орналастыру және т.б. мәселелер.

2.3 Тәртіптік жазалар:

2017 жылы Бөлімде лауазымдық міндеттерін тиісті орындағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар 3 (сөгіс, ескерту);

2017 жылдың ағымдағы кезеңінде сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған тұлғалар болған жоқ.

2) Мұдделер қақтығысын реттеу

Сыйайлас жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізу кезінде Бөлімдегі жақын туған-туысқандарының бірлесіп қызмет ету (жұмыс) фактісі анықталған жоқ.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету

«Өскемен қаласының білім беру бөлімі» ММ регламенттермен және стандарттармен бекітілген барлық бизнес-үрдістерді сақтай отырып, жеке және занды тұлғаларға мемлекеттік қызметтің 24 түрін көрсетеді. 2017 жылдың шілде айынан 30 желтоқсан аралығында 24 түр бойынша 27088 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде «Азаматтарға арналған үкімет» МК арқылы - 461 қызмет. Қызмет алушылар тарарапынан білім беру қызметкерлеріне қызмет көрсету сапасы және мерзімі бойынша шағымдар түскен жоқ. Мемлекеттік қызмет регламенттері қызмет көрсетушілермен көрсетілетін стандартқа және нақты үрдіске сәйкес келеді.

3.1 Мемлекеттік қызмет көрсету үрдісінде қызмет беруші мен қызмет алушының тікелей қарым-қатынаста болуы сыйайлас жемқорлық қарым-қатынастардың туындауына ықпал етуі мүмкін.

Стандарттың 3-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі жастағы (7 жасқа дейін) балаларды мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін кезекке қою» мемлекеттік қызметі облыстың жергілікті атқарушы органдарымен көрсетіледі. Отінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру – 1) **қызмет беруші;** 2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы; 3) «Электронды үкімет»: www.egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Осылайша, қызмет берушінің кеңесіне тікелей жүгінген кезде қызмет алушының қызмет берушімен **тікелей байланысы** орын алады, бұл мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңсыз артықшылықтың ықтимал түріндегі сыйайлас жемқорлық тәуекеліне әкеп соғуы мүмкін.

Осыған ұқсас нормалар келесі стандарттарда қамтылған:

- «Бала асырап алуға ниет білдірген тұлғаларды есепке қою»;
- «Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру»;

- «Жетім баланы және (немесе) ата-ананың қамқорлығының қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлем тағайындау»;
- «Патронаттық тәрбиешілерге тапсырылған баланы (балаларды) күтіп-бағуға арналған ақшалай төлем тағайындау»;
- «Жетім және ата-ананың қамқорлығының қалған балаға (балаларға) қамқоршылық және қорғаншылық белгілеу;
- «Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жетім баланы және (немесе) ата-ананың қамқорлығының қалған баланы күтіп-бағуға арналған жәрдемақы төлеуді тағайындау»;
- «Балаларды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына тіркеу үшін құжаттар қабылдау»;
- «Құжаттар қабылдау және бастауыш, негізгі, орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствоның бағыныстырылғына қарамастан білім беру ұйымдарына тіркеу»;
- «Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телінұсқаларын беру»;
- «Шалғай ауылды мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және қайтадан үйлеріне тегін жеткізу үшін құжаттар қабылдау»;
- «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке санаттарына тегін тамақ беру үшін құжаттар қабылдау»;
- «Күнкөрісі төмен отбасыларының балаларына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлерде демалу үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру»;
- «Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйден тегін жеке оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау»;
- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, негізгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлеріне және оларға тәсестірілген тұлғаларға біліктілік санатын беруге (растаяуға) атtestatтаудан өту үшін құжаттар қабылдау»;
- «Үздік педагог» атағын беруге байқауға қатысу үшін құжаттар қабылдау»;
- «Мемлекеттік орта білім беру мекемелері басшыларын алмастыру конкурсында басшыларды алмастыру конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау».

Ұсыныс: Бөлім басшысы жоғары тұрған басшылық алдында бейінді Министрлікте «Электронды үкімет» веб-порталы және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы аталған қызметтерді алу тәсілін толық көшіру жөніндегі ұсынысты қарау туралы мәселені ұсынсын.

3.2 Бірдей қарым-қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерде қайшылықтардың болуы сыйайлас жемқорлыққа алғы шарт және жағдай жасауы мүмкін.

2-баптың 9 тармағында қызмет алушының қызмет берушіге жүгінген кезінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі көрсетілген:

өтініш (еркін үлгіде);

қалалардың білім беру басқармасымен, аудандық, қалалық білім беру бөлімімен, ауылды жерлерде - әкіммен берілген жолдама;

қызмет алушының (ата-анасының бірінің немесе занды өкілдерінің) жеке басын куәландыратын құжаты сәйкестендіру үшін;

баланың денсаулық паспорты;

баланың денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Осы құжаттардың тізімі, әсіресе туу туралы куәлік көшірмесінің болмауы, тек бұл құжатта баланың ЖСН болғандықтан Ұлттық білім беру деректер қорын (ҰББДК) сапалы толтыруға мүмкін болмайтын қайшылықтарға әкеп соғады.

3.3 Тексеру кезінде тексерушілер "Баланы балабақшага тіркеу кезінде басшыға құжаттарды ресімдеудің бірыңғай датасына назар аудару қажет." екенін айтты, бірақ өкінішке орай, бұл мүмкін емес.

- 2-бөлім 11 тармақ 3тармақша (санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің эпидемиологиялық айналасы туралы анықтамасы (анықтама 3 жұмыс күніне жарапады) «Құжаттарды қабылдау және балаларды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына тіркеу» мемлекеттік қызмет стандарты

- 1-бөлім 9 тармақ 1 тармақша (1 маусымнан 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі), 3-тармақша (1 қыркүйекте 6 (7) жасқа толатын балалар жыл сайын 1 тамызға дейін мектепке дейінгі ұйымнан шығарылады) және 4 тармақша (балаларды жастары бойынша бір топтан екінші топқа ауыстыру 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметтің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметтің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына өзгертулер енгізу туралы» қаулысы.

Бұл орынның босатылуына әкеп соғады. Жаңа оқу жылына топтарды жинақтауға құжаттар қабылдау 1-31 тамыз аралығында жүргізіледі. 1 қыркүйек баланы балабақшага тіркеу және топқа алғашқы бару күні болып табылады, бұл мынаған әкеледі:

- санитариялық-эпидемиологиялық қызметтен эпидемиологиялық айналасы туралы анықтаманы қайта береді;

- құжаттарды ресімдеудің бірыңғай датасына сәйкес келмеуі.

Сондай-ақ кемшіліктер де бар, «Құжаттар қабылдау және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына балаларды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартында ұсынылатын құжаттардың, әсіресе баланың денсаулық паспортын сактау орны көрсетілмеген. Қазақстан Республикасы Денсаулық

сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбілер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бүйрығына сәйкес нысанда медициналық құжаттама № 12 қосымшасының қолданыстағы санитариялық ережелеріне сәйкес жүргізіледі 18 және 27 тармақ. Осы құжаттардың мазмұны осыған сәйкес келеді және синхронды толтыруды талап етеді, осылайша, қайшылық туындайды:

1. Денсаулық паспорты қайда сақталу керек (мемлекеттік қызметтер папкасында ма немесе мейірбикеде) түпнұсқасы мен көшірмесін ата-аналар беруге тиіс пе?;

Ұсыныс:

1) Бөлім басшысы жоғары түрған басшылық алдында бейінді Министрлікте аталған қызметтердің алу тәсілін «электронды үкімет» веб-порталы және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы толық көшіру жөніндегі ұсынысты қарау туралы ұсыныс жасасын. Сондай-ақ баланың тузы туралы куәлігінің көшірмесін талап ету үшін қосу керек (ол ҰББДҚ базасын толтыруға қажетті).

2) Мемлекеттік қызмет көрсету үшін ұсынылатын құжаттар тізімі қайта қаралсын. Балабақшадан түлектердің жаппай шығуын ескере отырып, жаңа оку жылындағы топтарды жинақтау мерзімі нақтылансын.

3) Балабақшаға баланың келуі кезінде ата-аналар ұсынатын құжаттар тізіміне және жоғарыда көрсетілген құжаттарды сақтау орнына өзгерістер енгізілсін.

4. Рұқсат беретін қызметті іске асыру

Бөлімде рұқсат беретін қызметтер жок.

5. Бақылау қызметтерін жүзеге асыру

Бөлім бақылау қызметтерін жүзеге асырмайды.

6) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау обьектісінің ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

6.1 Өзге де мемлекеттік оғандарды тексерулер

1) мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау іс-шараларының актілері - 1 ;

2) сот актілері - 3;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де мәліметтерді беру анықталған жоқ. Камералды бақылаумен жүргізілген мемлекеттік сатып алулар саласындағы Бөлім қызметін тексеру барысында заң бұзушылықтар анықталған жоқ. Бөлімнің жұмысы «Қазынашылық – Клиент» ҚБАЖ арқылы электронды құжат айналымы бойынша жүргізіледі. Осыған байланысты тұтынушылармен байланыс толығымен алынып тасталған. Қазақстан Республикасының 04.12.2015 жылғы № 434-V «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Занының 5 бабы 1-тармақ

1-тармақшасына сәйкес (бұдан әрі – Заң) мемлекеттік сатып алушар үрдісі мемлекеттік сатып алушардың жылдық жоспарын өзірлеуді және бекітуді қамтиды. Аталмыш ақпарат goszakup.gov.kz мемлекеттік сатып алушардың веб-порталында орналастырылады, бұл мемлекеттік сатып алушардың электрондық қызметтеріне бірыңғай қол жеткізу нысанын ұсынатын мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі болып табылады. Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алушарды жүзеге асыру тәсілін осы заңға сәйкес анықтайды. Бір дереккөзден алу тәсілімен бекітілген -139. Байқаулар – 0.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде отандық кәсіпкер тауар, жұмыс және қызметтегі жергілікті мазмұнның көрсеткіштерін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы «Ақпараттандыру туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік мекемелер арасында қызықтыратын тауарлар сатып алушы, жұмыс пен қызметті goszakup.gov.kz мемлекеттік сатып алушардың веб- порталынан көре алады.


Ішкі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерді талдау бойынша тұрақты негізде жүргізілетін жұмыс Бөлімге заңнамалық құқық нормаларына сәйкес жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелері білім беру бөлімінің тұрақты бақылауында болып табылады.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерді ішкі талдау нәтижелері Өскемен қаласының білім беру бөлімінің интернет – ресурстарында орналастырылған.

Жұмыс тобының құрамы:

1. «Өскемен қаласының білім беру бөлімі» ММ басшысы орынбасарының м.а
2. Заңгер
3. Сектор менгерушісі
4. Сектор менгерушісі
5. Сектор менгерушісі
6. Бас маман
7. Бас маман
8. Қалалық әдістемелік кабинет басшысының м.а.


Д.С. Журавлев
Ж.Х. Адишева
Л.И. Тимофеева
Д.О. Шарипова
Ю.Р. Овчакина
А.Қ. Ережепова
Ж.С. Абдраман
А.Т. Кенжебаева

Аналитикалық анықтамамен таныстыым:

«Өскемен қаласының білім беру бөлімі» ММ

басшысының м.а.

(Т.А.Ә., лауазымы, қолы, күні)

Д. Ибраимова

